

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



«B006-Музыка пәні мұғалімдерін даярлау»
білім беру бағдарламаларының топтары бойынша

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДЫ ОНЛАЙН ТАПСЫРУ
НҰСҚАУЛЫҒЫ**

Алматы, 2020 ж.

В006 – Музыка мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтиханның қашықтықтан қабылдау талаптары мен бағалау критерийлері

Күндізгі бөлім, оқу мерзімі - 3 жыл
Ортакәсіп білім дипломы бар талапкерлер үшін
(мәдениет, гуманитарлық колледждер)

Шығармашылық емтихан

1. Талапкердің мамандығы бойынша әр түрлі жанрдағы екі шығарманы: музыкалық аспапта (домбыра, қобыз, баян, фортепиано) орындайды/сүйемелдеуін аудиозапись арқылы қосып хорға арналған шығарма дирижерлайды/ән орындайды.

2. Музыка теориясы, сольфеджио, гармония пәндері бойынша бекітілген билет сұрақтарына жауап береді, аккордтар мен интервалдарды есту қабілетіне сүйене отырып анақтайды, қайталайды, құрылымын түсіндіреді.

15-20 балл (өте жақсы) Шығарманың жатқа, әсерлі орындалуы. Бағалау кезінде техникалық әдіс-тәсілдердің, аппликатура мен штрихтардың сауатты болуы, есту қабілетіне сүйене отырып, орындаушының темпі бір қалпында, тоқтамастан ұстап отыруы, орындау аппаратының бос, еркін болуы ескеріледі. (өте жақсы) билет сұрақтарына уақытылы дұрыс жауап беру, аккордтар мен интервалдардың құрылымын сауатты анықтап, таза қайталау. Қосымша сұрақтарға дұрыс жауап беру.

10-14 балл (жақсы) Орындалған шығарманың талапкердің музыкалық біліміне сәйкестілігі. Орындаудағы кейбір олқылықтар орын алса да (техникалық кемшіліктер, темпің жылжуы, бейне мазмұнының толық берілмеуі, қимылдардың кейде еркін болмауы) шығарманың дұрыс, сауатты орындалуы. Аккордтар тізбегін толық орындай алмау, берілген тапсырмаға толық жауап бере алмау.

5-9 балл (қанағаттанарлық) Орындалған шығарманың талапкердің музыкалық біліміне сәйкес болмауы, жатталмауы, орындаудағы орынсыз тоқтаулар мен үзілістер, орындау қимылдарының олқылықтары. Фортепиано аспабында орындалған аккордтар мен интервалдарды дауыспен қайталап, теориялық сұрақтарға дұрыс жауап бере алмауы.

0-4 балл (қанағаттанарлықсыз) Орындалған шығарманың емтихан талаптары мен талапкердің музыкалық біліміне сәйкес келмеуі, жатталмауы, орындаудағы, орынсыз тоқтаулар мен үзілістер, орындау қимылдарының олқылықтары. Теориялық сұрақтарға мүлде жауап бере алмауы, фортепиано аспабында орындалған аккордтар мен интервалдарды таза қайталай алмауы, комиссия мүшелері тарапынан қойылған қосымша сұрақтарға мүлде жауап қайтара алмауы.

Ескертпе:

1. Талапкер толығымен ноутбук немесе компьютермен (видеокамерасы бар) жабдықталған болуы керек;

2. ZOOM бағдарламасы арқылы алдын ала жіберілген идентификациялық номер арқылы конференцияға шығады;
3. Төлқұжатын көрсетіп тұлғасын айқындайды;
4. Камера алдында отырып әнді және шығармаларын орындайды;
5. Сұрақтарға жауап береді;
6. Емтихан абитуриенттің интернет байланысқа шыға алу мүмкіндіктерін ескере отырып, комиссия мүшелерімен ZOOM, WhatsApp, арқылы өтеді (онлайн). Сонымен қатар абитуриент алдын – ала жазылған видеожазбасын жібере алады (оффлайн).

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»
Қабылдау комиссиясының
төрайымы, ректор
 Г. Алдамбергенова
_____ 2020 ж.

**«B006-Музыка пәні мұғалімдерін даярлау»
білім беру бағдарламаларының топтары бойынша**

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДЫ ОНЛАЙН ТАПСЫРУ
НҰСҚАУЛЫҒЫ**

Алматы, 2020 ж.

В006 – Музыка мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтиханның қашықтықтан қабылдау талаптары мен бағалау критерийлері

Күндізгі бөлім, оқу мерзімі - 4 жыл
Музыкалық дайындықсыз талапкерлер үшін

I шығармашылық емтихан

1. Талапкердің өз таңдауы бойынша екі әнді а капелла (дауыспен) немесе (мүмкіндігіне қарай аспапта сүйемелдеп) орындауы (1 ән ырғақты, 1 ән лирикалық).

2. Меңгерген аспаптарында (домбыра, қобыз, баян, фортепиано) 1 шығарма орындау.

35-40 балл (өте жақсы) Әннің және аспаптық шығарманың жатқа, нақышына келтіріліп орындалуы. Бағалау кезінде талапкердің аспаптық шығарма және ән орындау кезінде темпі бір қалпында, тоқтамастан ұстап отыруы, дыбыс тазалығы, орындау аппаратының бос, еркін болуы ескеріледі. Музыкалық шығарманы эмоциялық жан-күйімен сезініп орындау.

21-34 балл (жақсы) Аспаптық шығарма және ән орындаудағы кейбір олқылықтар орын алса да (техникалық кемшіліктер, темптің жылжуы, бейне мазмұнының толық берілмеуі, қимылдардың кейде еркін болмауы) әннің және шығарманың таза орындалуы.

5-20 балл (қанағаттанарлық) Аспаптық шығарманың және әннің жатталмауы, орындаудағы штрихтарды, динамикалық қозғалыстардың, таза дыбыс шығару техникасының меңгерілмеуі.

0-4 балл (қанағаттанарлықсыз) Орындалған әннің және аспаптық шығарманың талапкердің музыкалық мүмкіндіктеріне сәйкес келмеуі, жатталмауы, орындаудағы орынсыз тоқтаулар мен үзілістер, орындау қимылдарының талаптарға сай келмеуі.

II шығармашылық емтихан

1. Бұл емтихан барысында талапкердің музыкалық есту, есте сақтау қабілеттері мен ритм сезімі қай деңгейде екені анықталады.

2. Коллоквиум (жалпы және музыкалық ой-өрісін анықтау).

35-40 балл (өте жақсы) Фортепиано аспабында орындалған бір немесе бірнеше дыбыстар талапкер дауысымен таза алынып, ритм формуласы өзгеріссіз қайталады. Коллоквиум сұрақтарына нақты жауап береді.

21-34 балл (жақсы) Естілген дыбыстар тізбегі дұрыс қайталанып, ритм формуласында қателер орын алады. Коллоквиум сұрақтарына дұрыс жауап береді.

5-20 балл (қанағаттанарлық) Фортепиано аспабында орындалған дыбыстар саны дұрыс анықталып бірақ талапкер дауысымен таза алынбай қалуы, ырғақ қайталаудағы қателер. Коллоквиум сұрақтарына нақты жауап бере алмауы.

0-4 балл (қанағаттанарлықсыз) Дыбыстар тізбегі мен ырғақты талапкер бірнеше қайталаудан да қабылдамай, оларды дұрыс орындай алмауы. Коллоквиум сұрақтарына дұрыс жауап бермеуі.

Ескертпе:

1. Талапкер толығымен ноутбук немесе компьютермен (видеокамерасы бар) жабдықталған болуы керек;

2. ZOOM бағдарламасы арқылы алдын ала жіберілген идентификациялық номер арқылы конференцияға шығады;

3. Төлқұжатын көрсетіп тұлғасын айқындайды;

4. Камера алдында отырып әнді және шығармаларын орындайды;

5. Сұрақтарға жауап береді;

6. Емтихан абитуриенттің интернет байланысқа шыға алу мүмкіндіктерін ескере отырып, комиссия мүшелерімен ZOOM, WhatsApp, арқылы өтеді (онлайн). Сонымен қатар абитуриент алдын – ала жазылған видеожазбасын жібере алады (оффлайн).

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»
Қабылдау комиссиясының
төрайымы, ректор
 Г. Алдамбергенова
_____ 2020 ж.

**«B021 – Орындаушылық өнер»
білім беру бағдарламаларының топтары бойынша
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДЫ ОНЛАЙН ТАПСЫРУ
НҰСҚАУЛЫҒЫ**

Алматы, 2020 ж.

В021 – Дәстүрлі музыка өнері

білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтиханды қашықтықтан қабылдау талаптары мен критерийлері

Күндізгі бөлім, оқу мерзімі - 4 жыл

Музыкалық дайындықсыз талапкерлер үшін

1-ші шығармашылық емтихан

1.Талапкерлердің өз таңдауы бойынша халық аспаптарының бірінде (домбыра, жетіген, баян) күй орындап, орындаушылық мектептердің әуендік, құрылымдық өзгешеліктерін сақтай отырып дәстүрлі ән орындау.

2.Коллоквиум сұрақтары, музыкалық сауаттылығын анықтау.

35-40 балл (өте жақсы) Әнді орындап отырып ырғақтан, әуенінен ауытқымау, дикцияның таза шығуы, әнді немесе күйді жүрекпен және сезіммен орындау. Дәстүрлі ән мектептерінің стильдік ерекшеліктерін ажырата білуі.

21-34 балл (жақсы) Әншілік мектептердің ерекшеліктерін ажырата білмеуі, орындап отырған шығармасынан жаңылуы, әннің жатталмауы, динамикалық қозғалыстардың, таза дыбыс шығару техникасының меңгерілмеуі.

5-20 балл (қанағаттанарлық) шығарма талапкердің музыкалық біліміне сәйкес келмеуі.. Әннің музыкасын бұзып орындауы, терме мен әнді ажырата білмеуі.

0-4 балл (қанағаттанарлықсыз) Орындаған әнін бұзып айтуы,және әннің ырғағын дұрыс орындамауы.

2-ші шығармашылық емтихан

1. Бұл емтиханда талапкерлердің музыкалық есте сақтау қабілеті, ритмді таза ұстай білуі анықталады.

35-40 балл (өте жақсы) Фортепиано аспабында орындаған аккордтармен интервалдарды дауысымен таза және дұрыс анықтаса, ойнап берген ритмді дұрыс,сауатты қайталап берсе.

21-34 балл (жақсы) Фортепиано аспабында орындаған аккордтармен интервалдарды дауысымен таза және дұрыс анықтай алмауы, ойнап берген ырғақты дұрыс қайталамауы.

5-20 балл (қанағаттанарлық) Талапкер аспапта естіген түрлі ырғақтарды жақсы сезіне білмеуі.

0-4 балл (қанағаттанарлықсыз) Талапкер аспапта естіген түрлі ырғақтарды бірнеше қайталаудан қабылдамаса, оларды дұрыс орындап бермеуі. Музыкалық дыбыстарды ести алмауы.

Ескертпе:

1. Талапкер толығымен ноутбук немесе компьютермен (видеокамерасы бар) жабдықталған болуы керек;

2. ZOOM бағдарламасы арқылы алдын ала жіберілген идентификациялық номер арқылы конференцияға шығады;

3. Төлқұжатын көрсетіп тұлғасын айқындайды;

4. Камера алдында отырып әнді және шығармаларын орындайды;

5. Сұрақтарға жауап береді;

6. Емтихан абитуриенттің интернет байланысқа шыға алу мүмкіндіктерін ескере отырып, комиссия мүшелерімен ZOOM, WhatsApp, арқылы өтеді (онлайн). Сонымен қатар абитуриент алдын – ала жазылған видеожазбасын жібере алады (оффлайн).